

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту" туралы N 3-1-618қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 28 ақпандағы N 23-266қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 28 наурызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 513 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қарашадағы N 23-1097қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2010.11.22 N 23-1097қ қаулысымен

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулы 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы " Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі заңдарына, "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV шешіміне сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 3-1-618қ қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 26 наурызда N 321 болып тіркелген, "Астана хабары" газетінің 2004 жылғы 10 сәуірдегі N 47 нөмірінде; "Вечерняя Астана" газетінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі N 40 нөмірінде жарияланған) "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 3-1-618қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 8 тамыздағы N 23-698қ қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылғы 15 қыркүйекте N 448 болып тіркелген, "Астана хабары" газетінің 2006 жылғы 5 қазандағы N 151 нөмірінде; "Вечерняя Астана" газетінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 164 нөмірінде жарияланған) енгізілген өзгерістер және толықтырулармен мынадай өзгерістер енгізілсін: преамбуладағы ", Ақмола қалалық мәслихатының 1996 жылғы 18

қыркүйектегі "Астана қаласының құрметті азаматы" атағы туралы", Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаты есебінен азаматтардың әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімі туралы" шешімдеріне" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі Қағидаға сәйкес "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) орындалуын қамтамасыз етсін.";

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету қағидасында:

преамбуладағы ", Ақмола қалалық мәслихатының 1996 жылғы 18 қыркүйектегі "Астана қаласының құрметті азаматы" атағы туралы", Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаты есебінен азаматтардың әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізімі туралы" шешімдеріне" деген сөздер алынып тасталсын:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік қолдау көзі көрмейтін бірінші топтағы мүгедектерді ертіп жүруге көрсетіледі.";

2 - т а р м а қ т а :

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер", " деген сөздер алынып тасталсын;

бағдарламаларының (бұдан әрі - Бағдарламалар)" деген сөздер " бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Бағдарламаларды" деген сөз "Бағдарламаны" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "мен Астана қаласы мәслихаты берген құрметті азаматтардың тізімдері" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«"5. Осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген адамдарды әлеуметтік қолдау ай сайын, ақшалай қаражатты Астана қаласы банктерінің бөлімшелеріндегі алушылардың дербес немесе карт-шоттарына аудару арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.";

5-1-тармақтағы "1-тармағы 1-тармақшасында" деген сөздер "1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "Бағдарламаларды" деген сөз "Бағдарламаны" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 23-1194қ " Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 3-1-618қ қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Т. Қожағапановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Мамин